

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы сотының төрағасы
Ж.Қ.Асановқа

Түркістан облыстық сотының
төрағасы
Т.Е.Мыятбековке

А.А.Қуланбаевтан
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы

АЛҒЫС ХАТ!

Мен, Қуланбаев Абилахат Айнабекович ағымдағы жылдың 17 наурызы күні өзімнің басқаруымдағы автокөлігіммен Түркістан облысы Қазығұрт ауданындағы Сарапхана – Жаңабазар тасжолында келе жатып, ВАЗ Lada 2114 ақ түсті мемлекеттік белгісі kz 074 WAZ 13 автокөлігі жүргізушісінің әрекетінен жол көлік оқиғасына тап болғанмын. Оқиға бойынша, Қазығұрт АПБ-нің ӘПБ ӘШК тобының инспекторы полиция майоры Н.Сенгирбаев әкімшілік іс құжаттарын заң талаптарына сәйкес рәсімдемей, істі екінші тараптың мүддесіне бұрмалап, менің заңмен қорғалған құқығымды бұза отырып, әкімшілік іс хаттамасымен мені кінәлі деп танып, істі Қазығұрт аудандық сотына жолдаған болатын.

Мен, істің бұрмалаланып, мені негізсіз кінәлі етіп жатқандығы туралы құзырлы органдарға яғни, Қазығұрт АПБ-не, Қазығұрт аудандық прокуратурасына, Түркістан облысының сот сараптамалар институтына, Түркістан облысының полиция департаментіне, Түркістан облысының прокуратурасына, ҚР Әділет министрлігіне, ҚР ішкі министріне, ҚР Бас прокуратурасына дейін шағымданғанмын. Алайда, аталған құзырлы органдар шағымым бойынша нақты шаралар қабылдамай, шағымды бір-біріне сілтеп, сырғытпа жауаппен шектелді.

Ал, Қазығұрт аудандық сотының істі қараған төрағалық етуші судьясы И.Тоғызбаев, менің шағымдарым мен уәждерімді мұқият қарап, қолданыстағы заң нормаларын жан-жақты талдай отырып, оқиға орын алған жердің басына барып зерттеулер жүргізіп, сөйлеу шешендігі мен біліктілігінің арқасында куәгерлерден түсініктеме алып, менің үстімнен қозғалған әкімшілік іс бойынша әкімшілік іс құрамының болмағандығын анықтап, істі тоқтату туралы әділ шешім (қаулы №4359-20-00-3/225) қабылдады. Яғни, істі қараған төрағалық етуші судья И.Тоғызбаев, сот отырысының хатшысы А.Тойлыбаев, қазақ халқының «Тура биде туған жоқ – туғанды биде иман жоқ» деген нақыл сөзіне сай, сот мәжілісі

барысында өздерін нағыз сот жүйесіндегі турашыл, әділ, кәсіби маман, өте сабырлы, білімді, қарапайым адамдар екенін көрсете білді. Бұл дегеніміз, құқықтық мәдениеттіліктің жоғарғы дәрежесін білдіреді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Қазығұрт аудандық сотының істі қараған төрағалық етуші судьясы И.Тоғызбаевқа, сот отырысының хатшысы А.Тойлыбаевқа шексіз алғысымды білдіремін және осы тұлғаларды заң талаптарына сәйкес марапаттауды сұраймын.

А.А.Қуланбаев